

**Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы қызметтің басым түрлерінің тізбесін және өз өндірісінің өлшемшарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2019 жылғы 11 сәуірдегі № 37/НҚ бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің м.а. 2023 жылғы 20 қыркүйектегі № 413/НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 22 қыркүйекте № 33450 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрінің 2025 жылғы 20 қазандағы № 521/НҚ бұйрығымен.

**Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрінің 20.10.2025 № 521/НҚ ( 01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

### **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы басым қызмет түрлерінің тізбесін және өз өндірісінің өлшемшарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2019 жылғы 11 сәуірдегі № 37/НҚ бұйрығына ( нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18523 болып тіркелген), мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы қызметтің басым түрлерінің тізбесінде:

1 тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Бағдарламалық қамтамасыз етуді және бағдарламалық өнімді әзірлеу, енгізу, сүйемелдеу, дамыту, модификациялау және іске асыру ( бағдарламалық-техникалық мүмкіндіктерге интеграцияланған қызметтерді коммерциялық мақсаттарда пайдалану, оның ішінде ақылы контентті орналастыру, кіріктірілген қосымша функционалды сату арқылы іске асыруды қоса алғанда).";

3 тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Жеке немесе үшінші тарап бағдарламалық жасақтамасын қолдана отырып, деректерді өңдеу қызметі (мәліметтер базасында білімді табу).";

14 тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"14. ""Астана Хаб" халықаралық технологиялық паркінің қатысушысы құқық иесі болып табылатын бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалана отырып, сатушылар мен сатып алушылар арасында байланыс орнату және мәмілелер жасау үшін Интернет арқылы бағдарламалық-техникалық мүмкіндіктер беру ( нақты уақыт режимінде Интернетке жұмыс істейтін сауда алаңын ұсыну), оның ішінде жасалатын қызметтер шеңберінде ілеспе қызметтер көрсету жөніндегі қызмет сауда алаңының бағдарламалық-техникалық мүмкіндіктеріне біріктірілген мәмілелер.";

16 тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"16. Компьютерлік, мобильді, онлайн ойындарды (бейне ойындарды) ( коммерциялық мақсаттарда пайдалану арқылы бағдарламалық-техникалық мүмкіндіктерге интеграцияланған қызметтерді іске асыруды қоса алғанда, ақылы контентті орналастыру, кіріктірілген қосымша функционалды сату) әзірлеу, енгізу, сүйемелдеу, дамыту, өзгерту және іске асыру.";

17 тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"17. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласында мынадай бағыттар бойынша оқыту бойынша қызметтер көрсету: бағдарламалық қамтамасыз етудің архитектурасы мен әкімшілігі, оның ішінде өнім менеджменті , желілік жүйелердің архитектурасы мен әкімшілігі, ақпараттық жүйелерді жобалау және әзірлеу, Заттар интернеті саласындағы шешімдердің архитектурасы мен дизайны, бағдарламалық және аппараттық платформалар негізінде шешімдерді әзірлеу, операциялық жүйелерді әзірлеу, веб-қосымшаларды әзірлеу, Алгоритмдер (жасанды интеллект, криптография және басқалар), талдау және үлкен деректермен жұмыс, Мобильді қосымшаларды әзірлеу, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы қауіпсіздік, интерактивті 3D қосымшаларды, виртуалды және Толықтырылған шындық қосымшаларын әзірлеу, бейне ойындар әзірлеу, бағдарламалау тілдері.".

2. Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің ақпараттық технологиялар саласын дамыту департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен мыналарды қамтамасыз етсін:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеу;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің интернет-ресурсында орналастыру;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш

өнеркәсібі министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсыну.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Цифрлық даму, инновациялар  
және аэроғарыш өнеркәсібі  
министрінің міндетін атқарушы*

*К. Тулеушин*

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Индустрия және инфрақұрылымдық  
даму министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрлігі